

¹Дошыбеков А.Б.а , ²Абсатова М.А. , ¹Кулбаев А.Т. , ¹Копжанов Ғ.Б. ,
³Естемесов У.О. 

¹Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

³Батан орта мектебі, Алматы облысы, Қазақстан

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ОЛИМПИДАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ

Жұмыс ҚР БҒМ Ғылым Комитетінің гранттық қаржыландыру аясында орындалды (ЖТН АР14871202).

Дошыбеков Айдын Бағдатович, Абсатова Марфуга Абсатовна, Кулбаев Айбол Тиналович, Копжанов Ғалымжан Балықбаевич, Естемесов Улан Омиржанович

Мектеп оқушыларына олимпиадалық білім беруді дамыту

Аңдатпа. Мақалада оқушыларда олимпиадалық білім беруді дамыту мәселесі бойынша ғылыми әдебиетке шолу қарастырылады. Зерттеудің өзектілігіне тоқталса, мемлекеттің сау адамға деген қажеттілігін ескере отырып, оқу үдерісіне олимпиадалық білім беруді енгізу қажеттілігі туындайды. Авторлардың пікірінше, олимпиадалық білім беруді оқыту үдерісіне енгізу балалардың дене бітімін жетілдіруге қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Ғылыми педагогикалық, арнайы әдебиеттерді зерделеу барысында олимпиадалық білім беруге қатысты біршама еңбектердің жарық көргенін басып айтуға болады. Мақалада шетелдік және қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінің олимпизм және олимпиадалық білім беру бағыттарында жүргізілгені анықталған. Авторлар ғылыми деректерге сүйене отырып, олимпиадалық білім берудің маңызын, мәнін, мақсаты мен нақты міндеттерін айқындай білген. Зерттеуші ғалымдар олимпиадалық білім берудің басты мақсаты ретінде тұлғаны олимпизм құндылықтары мен идеалдарына баулу деп қарастырған. Сонымен қатар, авторлар олимпиадалық білім беруді мектепке ендірудің шетелдік тәжірибесін көрсетуге тырысқан.

Түйін сөздер: оқушылар, олимпизм, олимпиадалық білім беру, мектеп, үйлесімді даму, олимпиадалық мәдениет.

Doshybekov Aidyn Bagdatovich, Absatova Marfuga Absatovna, Kulbaev Aibol Tinalovich, Kopzhanov Galymzhan Balykbaevich, Estemesov Ulan Omirzhanovich

Development of Olympic education of schoolchildren

Abstract. The article reviews the scientific literature on the problem of the development of Olympic education of schoolchildren. Revealing the relevance of the research work, it is emphasized that the need for the Olympic education in the educational process at schools is increasing due to the need for healthy people in the society. According to the authors, the introduction of Olympic education at school affects physical improvement as well as the formation of an individual. The analysis of pedagogical and scientific literature showed that certain scientific researches have been made on the given issue. A review of the foreign and Kazakh scientists' works showed the development of Olympism and Olympic education. Relying on the researches of scientists, the authors tried to reveal the importance of the Olympic education, its essence, goals and objectives. Scientists define that the main aim of Olympic education is education of Olympic values and ideals in schoolchildren. At the same time, the authors tried to reveal the foreign experience of the introduction of Olympic education in schools.

Key words: schoolchildren, Olympism, Olympic education, school, harmonious development, Olympic culture.

Дошыбеков Айдын Бағдатович, Абсатова Марфуга Абсатовна, Кулбаев Айбол Тиналович, Копжанов Ғалымжан Балықбаевич, Естемесов Улан Омиржанович

Развитие Олимпийского образования школьников

Аннотация. В статье сделан обзор научной литературы по проблеме развития Олимпийского образования школьников. Раскрывая актуальность исследования, необходимо подчеркнуть, что, учитывая потребность государства в здоровых людях, возрастает потребность во внедрении олимпийского образования в учебный процесс школы. По мнению авторов, внедрение олимпийского образования в учебный процесс может повлиять на физическое совершенствование, формирование интереса личности. Анализ научно-педагогической, специальной литературы показал, что по проблеме развития олимпийского образования имеются определенные труды ученых. Так, в статье обзор трудов зарубежных и казахстанских ученых показал развитие таких направленных исследований, как олимпизм и олимпийское образование. Авторы, опираясь на исследования ученых, попытались раскрыть значимость олимпийского образования, сущность, цели и задачи. Ученые-исследователи главную цель олимпийского образования определяют как привитие личности олимпийских ценностей и идеалов. В то же время авторы попытались изучить зарубежный опыт внедрения олимпийского образования в школы.

Ключевые слова: школьники, олимпизм, олимпийское образование, школа, гармоничное развитие, олимпийская культура.

Кіріспе. «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында (2019 ж.) мына жайтты атап өткен: «Халықтың денсаулығын жақсарту мәселесі айрықша назарды талап етеді. Барлық жастағы ел азаматтары арасында бұқаралық спортты дамыту маңызды. Бұқаралық дене шынықтыруды өркендету ісі жаңа чемпиондар шыңына шығатын пирамидаға айналуы тиіс» – деп анықтаған [1].

Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңында негізгі қағидаттар ретінде көрсетілген: 2) халықтың әртүрлі жас топтарына дене тәрбиесін берудің үздіксіздігі мен сабақтастығы; 7) халықаралық спорттық жарыстарда Қазақстанның намысын қорғайтын жоғары жетістіктер спортының басымдығы» [2].

Мемлекеттің сау адамға деген қажеттілігін ескере отырып, оқу үдерісіне олимпиадалық білім беруді енгізу қажеттілігі туындайды.

Мемлекеттің жоғарыда аталған міндеттері мен қағидаттарын ескере отырып, мектеп жасы – бұл дені сау тұлғаның, демек, қазіргі және болашақтағы дені сау қоғамның іргетасы екенін атап өту маңызды. Біздің ойымызша, олимпиадалық білім беруді оқыту үдерісіне енгізу балалардың дене бітімін жетілдіруге қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы міндеттерінің бірін іске асыруды қамтамасыз етеді (Астана, 2016).

Сонымен қатар, біздің ойымызша, білім беру ұйымдарында *мектеп жасындағы оқушыларға* дене шынықтыру жаттығуларымен айналысу үдерісінде олимпиада идеялары жеткіліксіз дәрежеде жүзеге асырылады.

Зерттеудің мақсаты: мектеп оқушыларында олимпиадалық білім беруді дамыту мәселесі бойынша ғылыми педагогикалық, арнайы әдебиеттерді талдау негізінде ғалымдардың ой-пікірлерін жүйелеу.

Зерттеудің міндеттері:

1. Мектеп оқушыларында олимпиадалық білім беруді дамыту мәселесі бойынша ғылыми педагогикалық, арнайы әдебиеттерді талдау.

2. Олимпиадалық білім беруге сипаттама беріп, мақсаты мен міндеттерін айқындау.

Зерттеудің әдістері мен ұйымдастырылуы: зерттеу мәселесіне қатысты арнайы, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерді талдау, озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, талдаудан кеткен ақпаратты жүйелеу, синтездеу.

Зерттеудің нәтижелері мен оларды талқылау. Бүгінгі таңда білім алушылардың оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға жаңа талаптар қойылатынын атап өту қажет, яғни біз жеке тұлғаны дені сау, әлеуметке бейімделген, адамгершілік тұрғыдан жетілген, өзін-өзі ақтауға қабілетті етіп тәрбиелеуіміз керек.

Білім беру және тәрбиелеу жүйесі саласында ізгілендіру қажеттігіне байланысты болып жатқан өзгерістер жалпы адами моральдық және рухани құндылықтардың басымдығын уағыздайтын дәстүрлі емес білім беру көздерін талап етеді.

Оқушылардың білім алуы мен тәрбиесіне деген осындай көзқарасты жүзеге асыру жолдарының бірі олимпизм болып табылады.

Кез келген мемлекеттің үйлесімді дамуы қоғамды құрайтын жан-жақты дамыған мықты тұлғаларсыз мүмкін емес, ал адамның күш, ерік, төзім, жайдарлылық, дене белсенділігі сияқты маңызды қасиеттері мектепке дейінгі жаста тәрбиеленеді. Осы мәселелер жобамыздың өзектілігін құрайды. Дене шынықтыру сабақтары мен спортқа қызығушылықты мектеп жасынан баулыған жөн. Сондықтан оқыту үдерісіне олимпиадалық білім беруді енгізу балалардың денесін жетілдіруге қызығушылығын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Олимпиадалық қозғалыс – адамзат мәдениетінің маңызды бөлігі, сондықтан оның тарихын зерттеу кез келген мәдениетті адам тәрбиесінің бір бөлігі болуы тиіс. Мектеп оқушыларына олимпиадалық білім беру балалардың дене шынықтыру-сауықтыру жүйесінде ғана емес, отбасы мен мектептің бүкіл оқу-тәрбие кешенінде тәрбиелеу, дамыту және оқыту мақсаттары мен міндеттерін біріктіруге мүмкіндік береді.

Халықаралық олимпиада комитетінің ұсынысына сәйкес, 2019 жылы Қазақ спорт және туризм академиясында Қазақстан Республикасы Олимпиада академиясының (ҚР ОА) құрылуы осы проблеманы зерттеудің алғышарты болды.

ҚР Олимпиада академиясы заңды тұлға мәртебесі бар және өз қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада комитетінің қолдауымен жүзеге асыратын дербес қоғамдық ұйым болып табылады.

ҚР Олимпиада академиясы қызметінің мақсаты олимпиадалық білім беруді дамытуға жәрдемдесу, Қазақстан Республикасының тұрғындары арасында олимпиадалық қозғалыс туралы жан-жақты білімді зерделеу және тарату, олимпиадалық идеалдарды насихаттау және өмірге енгізу болып табылады.

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында (Астана, 2016 жыл) мынадай негізгі қағидағар белгіленген: «2) халықтың тұрмыс сапасын арттыру үшін спорт саласын аса маңызды ресурс ретінде тану; 3) спорттық белсенділіктің алуан түрлілігін көтермелеу, бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортында дамытуға тең қолдау көрсету» [3].

Спорт және дене шынықтыру саласын дамытудың әлемдік тәжірибесі бұқаралық дене шынықтыру-спорт қозғалысын тиімді дамытудың салдары спортшылардың олимпиада ойындары мен халықаралық жарыстардағы жоғары жетістіктері болып табылатынын атап өту қажет.

Ағымдағы жағдайды талдау негізінде саланың келесі мәселелерді бөліп көрсетуге болады: жетекші шетел мемлекеттерімен салыстырғанда тұрғындарды жүйелі спортпен және дене шынықтырумен қамтудың төмен деңгейі; спорт пен дене шынықтыру саласындағы ғылыми зерттеулерді, соның ішінде тұрғындарға әлеуметтік сауалнамаларды жүргізудің үйлестірілген стратегиясының жоқтығы; интернет-қорлар арқылы салауатты өмір салтын насихаттауды қоса алғанда, ақпараттық қолдаудың жеткіліксіздігі.

Олимпиадалық қозғалыс тұжырымдамасының жоғары тәрбиелік әлеуеті мен олимпиадалық идеялардың дене шынықтыру-спорттық іс-әрекет тәжірибесіне енгізілуінің жеткіліксіз деңгейінің арасында қарама-қайшылық анықталды, бұл біздің зерттеуіміздің мәні болып табылады.

Біздің ойымызша және ғалымдардың пікірінше, бұл мәселелерді дене шынықтыру-спорттық іс-әрекет шеңберінде олимпизм философиясының идеяларына сүйене отырып, шешуге болады.

Қазіргі олимпиада ойындарының негізін қалаушылардың бірі Пьер де Кубертен, олимпизм идеяларына (бейбітшілік, достық, ынтымақтастық және т.б.) сүйене отырып, спорттың тәрбиелік күшіне шын жүректен сенді. Бұл жердегі маңыздысы – әлем спорттық жарысудың бірыңғай идеясымен бірігуі қажет. Ғалымның пікірінше, ғылым, әдебиет және өнер сияқты спорт та кез келген жас адам үшін білім беру үрдісінің бөлігі болуы тиіс. Оның мақсаты дене мен ақылдың үйлесімді тәрбиені жетілдіру. Олимпиадалық ойындар Кубертенге өзінің білім беру тұжырымдамасын халықаралық қоғамға жеткізуге мүмкіндік берді. Олимпиадалық қозғалыс Кубертеннің қағидаларына сүйенеді. Бүгінгі таңда Олимпизм білім беру арқылы іргелі адами құндылықтарға негізделген әмбебап ілім

болып есептеледі. Олимпиадалық білім қоғам өмірінің әр түрлі кезеңдерінде дене тәрбиесі саласындағы құралдардың, формалардың, әдістердің, идеялар мен теориялардың пайда болуы мен дамуын зерттейді. Ол дене шынықтыру мен спортты бүкіл адамзат мәдениетінің, адамдарды тәрбиелеу мен дамытудың, оларды өндірістік және әскери қызметке даярлаудың негізгі бөлігі ретінде қарастырады [4].

Олимпиадалық білім берудегі бұл практикалық қызмет қандай болу керек деген сұрақ туындайды, оны жүзеге асыру тиісті тұжырымдамалық негізге негізделуі керек, сондықтан олимпиадалық хартияны ағылшын тіліндегі Olympic education терминінің екі мүмкін мағанасынан «Олимпиадалық тәрбие» санатын қабылдамай, «Олимпиадалық білім» терминін қабылдау керек. Міне, сондықтан: жаңа білім беру парадигмасын қалыптастыруға тырысу кезеңінде білім беру тұжырымдамасын қолдану жойылады, өйткені ол сөзсіз таптық идеологиядан қалыптасқан әлеуметтік стандарттарға негізделген дәстүрлі білім маркаларымен байланысты. Сонымен қатар, олимпиадалық білім кез келген білімді игеру процесі және оқу нәтижесінде алынған білім жиынтығы сияқты нақты, пәндік және тексерілген болып табылады. Посткеңестік кеңістіктегі барлық елдердің тілдерінде «олимпиадалық білім беру немесе білім беру» термині де қолданылатынын атап өткен жөн [5].

Ғылыми әдебиеттің талдауы көрсеткендей, ғалымдар (Дивинская Е.В. [6], Гуслистова И.И. [7], Булатова М.М. [8], Георгиадис К. [9] және т.б.) тәрбие үдерісінде дене шынықтыру-спорт әрекетін жүзеге асыруға болатын жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйену қажеттігін көрсетті.

М.М. Булатова айтып өткендей, олимпизм өмірдің жаңа бейнесін құрастыруға ұмтылады, оның негізінде спорттың әртүрлі түрлерінің сабақтарынан қуаныш, ләззат алу жатады, ол өз кезегінде жалпы этикалық қағидаларға құрмет пен позитивті мысалдардың тәрбиелік құндылығын дәріптейді [8].

Ғылыми әдебиетті шолу бұл мәселені шетелдік ғалымдар көп зерттегенін көрсетті:

– Олимпиадалық білім беру және тәрбиелеу педагогикалық зерттеу пәні ретінде (Поликарпова Ж.М., 2003) [10],

– Олимпиадалық спорт (В.Н. Платонов, М.М. Булатова, С.Н. Бубка, 2009) [11],

– Жалпы білім беретін оқу орындарындағы олимпиадалық білім беру тұжырымдамасы (Москаленко Н., 2012) [12],

– Болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарына жеке тұлғаға бағытталған тәсіл негізінде олимпиадалық білім беру (Дивинская Е.В., 2012) [6],

– Қырғыз республикасындағы оқушыларға олимпиадалық білім берудің теориясы мен практикасы (Касмалиева А.С., 2008) [13],

Қазақстандық ғалымдардың келесі зерттеулерін атап өтуге болады:

– Олимпиада оттары (Шиманбаев С. 1980) [14],

– Ұлы дала мен Ежелгі Грекияның олимпиада ойындары. Спорттың пайда болуы (Байжумина Ж.Ж., Закирьянов К.К., 2018) [15] және т.б.

«Олимпиадалық білім беру» ұғымы ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде ХХ ғасырда пайда болды [16].

Олимпизм-әлеуметтік шынайылықтың маңызды үзіндісі, ол өз кезегінде өзара байланысқан екі бастаманы біріктіреді: материалдық және рухани, тұлғаның ізгіліктік дамуының теориясы мен тәжірибесін «спортты мәдениет пен білім берумен байланыстырады» (Олимпийская хартия, 1996).

Олимпиадалық білім беру – бұл идеяларға, идеалдарға және олимпиадалық қозғалыс құндылықтарына тартуға, олимпиадалық дүниетанымды, адамның олимпиадалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық үрдіс. Білім берудің бұл түрі дене шынықтырудың құрылымдық бөлшегі болып табылады.

В.И. Столяровтың пікірі бойынша, олимпиадалық білім – бұл білімгерлер арасында (олардың белсенді қатысуымен) олимпизм құндылықтарына негізделген қызығушылықтарды, қажеттіліктерді, құндылық бағдарларын, нақты мінез-құлықты, жеке тұлға мәдениетін, өмір салтын дамытуды қамтитын күрделі педагогикалық іс-әрекет [17]. Ең бастысы, олимпиадалық тәрбие – бұл балалардың қоғамдық пайдалы іс-әрекетке ұмтылысын дамыту, өмірге деген құштарлығын арттыру.

Ғалымның пікірінше олимпиадалық білім берудің мақсаты олимпизм құндылықтары мен ізгіліктік идеалдарға индивидті баулу. Бұл мақсатқа жету өзара байланысқан міндеттердің кешенін шешуді кіріктіреді:

1) осы идеалдар мен құндылықтар туралы білім қалыптастыру, яғни жалпы ізгіліктік туралы, сонымен қатар Олимпиадалық ойындар және олимпиадалық қозғалыс, шығу тарихы, мақсаты, міндеттері туралы;

2) олимпизм құндылықтарына және идеалдарына сәйкес құндылықтық бағдар, ұстаным,

қажеттілік, қызығушылық қалыптастыру: спортқа «олимпиадалық» бағдар; Олимпиадалық ойындар және олимпиадалық қозғалысқа қызығушылық; олимпиадалық жарысқа қатысу талпынысын және онда адал, асыл, батырлық мінез-құлық көрсету («адал ойын» қағидаларына сәйкес); олимпиадалық қозғалыстың қатысушысы болуға ұмтылу, олимпизм идеяларын түсіндіру және насихаттау, оның дамуына жәрдемдесу;

3) сәйкесінше эмоциялық реакция мен сезімдер жүйесін қалыптастыру (мысалға, олимпиадалық идеалдар мен құндылықтарды спорт негізінде және спортта жүзеге асыру үшін әлеуметтік жауапкершілік сезімі);

4) Олимпиадалық идеалдар мен құндылықтарды жүзеге асуын қамтамасыз ететін қабілет пен қасиеттерді (білік, дағды), спорттағы мінез-құлықты қалыптастыру (бұл жерде нақты әңгіме – бұл спорттағы жоғары адамгершілікті мінез-құлық, сонымен қатар тек қана осындай мінез-құлық жалғыз ғана дұрыс екеніне сенімді болу; спортпен айналысу сабақтарда «сұлулық заңдылықтарына» сәйкес эстетикалық қабілетте әрекет ету және спортты өнер құралдары арқылы көрсету; бапкер, судья және спортшылармен дұрыс қарым-қатынасқа түсу біліктілігі мен дағдылары, сонымен қатар спортпен шұғылдану барысында табиғатпен ұқыпты қарым-қатынас жасау; олимпизм идеяларын түсіндіру мен насихаттау біліктері мен дағдылары) [18].

Тұлғаға олимпиадалық білім берудің мақсаты – олимпизм құндылықтары мен идеалдарына баулуды басқаша сөзбен айтқанда: оның олимпиадалық мәдениет деңгейін қалыптастыру мен арттыру. Бұл мәдениет олимпизм құндылықтары мен идеалдарын қамтитын кең кешенді қамтиды: «тұлғаның өмір сүру стилі, нақты мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған білім, қызығушылық, қажеттілік, құндылық бағдар, қабілет, білік, дағды» [19].

Қазақстандық және ресейлік ғалымдар С.Ж. Бахтиярова, И.Ф. Андрущишин, А.И. Федоров, Е.Б. Ниязқынов атап өткендей:

Қазіргі кезеңде олимпиадалық білім беру саласында дене шынықтыру және спорт жөніндегі мамандар даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру өзекті болып табылады;

Олимпиадалық білім беруді іске асырудың перспективалы бағыты деп спорттық-педагогикалық жоғары оқу орындары мен өңірлік олимпиадалық академиялар базасында консультациялық жұмыс жүргізуді тану қажет;

Дене шынықтыру мұғалімдері мен жаттықтырушы-оқытушылардың кәсіптік қызметінде олимпиадалық білім беру нысандарын қолдану деңгейінің жеткіліксіздігі спорттық-педагогикалық жоғары оқу орындары түлектерінің неғұрлым байыпты олимпиадалық сауаттылығы қажеттілігін көрсетеді [20].

С. Матвеев, Л. Радченко, Я. Щербашин өз зерттеулерінде олимпиадалық білім берудің шығу тегін ежелгі грекиялық спорттың тарихи құжаттарынан іздеу маңызды, соның ішінде антикалық мәдениет және эллин тәрбие жүйесінің ерекшеліктерінде, – деп атап көрсеткен [21] (1-сурет).

1972 жылы Халықаралық Олимпиада Академиясының 12 сессиясында Э. Лауэрбах (Гер-

мания) мектептегі олимпиадалық қағидаларды насихаттау мәселесіне назар аударады, Кубертонның білім берудегі реформа туралы идеясы заманауи жағдайда өзекті екенін еске сала өтеді [22].

Ғылыми әдебиеттер талдауы көрсеткендей, 1970 жылдан бастап Аустралия, Финляндия, АҚШ, Жапон елдерінде олимпиадалық білім беру мектептерге ендіріле бастады. Мысалға, Америка Құрама Штаттарында денсаулық философиясы қалыптасады, оның ережелеріне сәйкес күніне 30 минут немесе бір сағат уақытты дене жаттығуларына арнап, спорт жаттығуларын орындау үшін жақсы жағдайлар жасалынған. Олимпиадалық білім берудің танымалдылығы жарнамамен қолдау жасалған.



1-сурет – Олимпиадалық білім берудің шығу тегі (С. Матвеев, Л. Радченко, Я. Щербашин)

1975 жылы Ұлттық олимпиадалық комитет ассоциациясының Бас ассамблеясында алғаш рет әлемдік масштабта олимпиадалық идеяны білім беруде зерттеудің таратылуы ұсыныс ретінде қарастырылады. Осыдан соң ол білім беру мекемелерінің барлық деңгейіне ендіріледі: бастауыш мектептен жоғары оқу орнына дейін.

Сонымен қатар, жетекші шет елдердің мемлекеттік саясатының жеке бағыты ғылыми-ақпараттық ресурстарды дамыту болып табылатынын атап өту қажет. АҚШ-та спортты дамыту мәселелері бойынша 23 институт жұмыс істейді, Қытайда спортқа бағдарланған 37 зерттеу құрылымы бар. Ұлыбританияда тұрақты негізде клубтарға мүшелікті, спорттық жарыстарға қатысуды, спорттық қызметтердің сапасы мен қол жетімділігін қанағаттандыруды

қоса алғанда, халықтың әртүрлі топтарының спорттық белсенділігін зерттеуге және бағалауға бағытталған арнайы зерттеулер жүргізіледі.

Қорытынды. Жоғарыда қарастырылған мәселелерді түйіндей келе, мектеп оқушыларында олимпиадалық білім беруді дамыту бойынша ғылыми әдебиеттерге жүргізілген шолу келесідей түйін жасауға мүмкіндік берді: аталмыш мәселеге арнайы зерттеулер жүргізілгенін басымдық ретінде айтуға болады. Соның ішінде ғылыми ізденістер олимпиадалық білім беру мен олимпиадалық спорт бағыттарында қарастырылған.

Ғылыми педагогикалық, арнайы әдебиеттерге жасалған шолу негізінде біз де келесіні анықтадық. Мектеп оқушыларына олимпиадалық білім берудің басты мақсаты – заманауи

жағдайда аса маңызды әрі тұрақты қажетті фактор, денсаулықты сақтауды олимпизм идеяларын насихаттау, түсіндіру арқылы жүзеге асыруға болады.

Олимпиадалық білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық негіздерін қалыптастыру мәселесі жеткілікті зерттелмеген. Осы саладағы білім беру практикасының талдауы әлеуметтік және жеке нұсқауларды әрдайым

ақтай бермейтінін көрсетті. Олимпиадалық білім мазмұны жағынан өте күрделі педагогикалық компонент. Оған білім беру және олимпиадалық білім беру компоненттері кіреді. Мақсаты – жас ұрпақты олимпизмнің мұраттары мен білім беру әдістерінің кешенісіз қол жеткізу қиын. Мотивациялық саладан басқа, параллель жүретін және сабақтастыққа ие білім беру компоненті де маңызды.

Әдебиеттер

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауы, 02.09.2019 ж.
- 2 Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ЗРК «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы.
- 3 Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы, Астана, 2016.
- 4 Учебно-методический комплекс по дисциплине История физической культуры и олимпийское образование для студентов факультета Физической культуры и спорта / Сост. Б.Т. Дуйсебаев. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2008. – 119 с.
- 5 Олимпийское образование в современном мире: история, организация, перспективы развития. – Текст: электронный // studme.org: [сайт]. – URL: https://studme.org/320238/pedagogika/olimpiyskiy_sport_vzaimosvyazi_kulturoy#365 (дата обращения: 13.06.2022).
- 6 Дивинская Е.В. Олимпийское образование будущих специалистов физической культуры и спорта на основе личностно-ориентированного подхода: монография. – Волгоград, 2012. – 229 с.
- 7 Гуслистова И.И. Олимпийская педагогика Пьера де Кубертена как основа олимпийского образования // Мир спорта. – 2014. – № 4. – С. 31-35.
- 8 Булатова М.М. Система Олимпийского образования в Украине (1991-2006): методология и практические результаты // Современный олимпийский спорт и спорт для всех: материалы X междунар. науч. конф. – Гданск, 2006. – С. 38-41.
- 9 Georgiadis K, Makris A. Athens 2004: Olympic education in Greece during the Athens 2004 Olympic Games. In: Naul R, Binder D, Rychtecky A, Culpan I, editors. Olympic education: an international review. New York: Taylor & Francis, 2017. – P. 47-59.
- 10 Поликарпова Ж.М. Олимпийское образование и воспитание как предмет педагогического исследования: дис. ... док. пед. наук: 13.00.01: Великий Новгород, 2003. – 414 с.
- 11 Платонов В.Н. Олимпийский спорт: в 2 т. / В.Н. Платонов, М.М. Булатова, С.Н. Бубка [и др.]; под общ. ред. В.Н. Платонова. – К.: Олимп. л-ра, 2009. – Т.2. – 696 с.
- 12 Москаленко Н. Концепция олимпийского образования в общеобразовательных учебных заведениях / Фізичне виховання, спорт і культура здоров'я у сучасному суспільстві: збірник наукових праць. – 2012. – № 2 (18). – С. 114-117.
- 13 Касмалиева А. Программа олимпийского образования учащихся 5-9 классов общеобразовательных школ. – Бишкек, 2013. – 22 с.
- 14 Шиманбаев С. Олимпиада оттары. 1980. – 124 б.
- 15 Байжумина Ж.Ж., Закирьянов К.К. Великая степь и Олимпийские игры Древней Греции. Происхождение спорта. – Алматы, 2018. – 244 с.
- 16 Матвеев С., Радченко Л., Щербашин Я., Олимпийское образование от Древней Греции до современности // Наука в Олимпийском спорте. – 2007. – С. 46-52.
- 17 Столяров В.И. Олимпийское воспитание: теория и практика. – М.: Изд-во «Национальное образование», 2014. – 416 с.
- 18 Баринов, С.Ю. Олимпийское образование в процессе воспитания спортивно-гуманистической культуры личности / С.Ю. Баринов // Ученые записки университета им. П.Ф. Лесгафта. – 2010. – № 8(66). – С. 7-13.
- 19 Столяров В.И. Олимпийское образование и спартианская система воспитания // Спорт, духовные ценности, культура. Вып. шестой: Сб. ст. – М.: Гуманитарный Центр «СпАрт» РГАФК, 1998. – С.105.
- 20 Бахтиярова С.Ж., Андрушишин И.Ф., Федоров А.И., Ниязакынов Е.Б. Олимпийское образование: взгляд специалистов // Теория и методика физической культуры. – 2020. – № 3(61). – С. 6-12. – DOI 10.48114/2306-5540_2020_3_6.
- 21 Матвеев С., Радченко Л., Щербашин Я. Олимпийское образование от Древней Греции до современности // Наука в Олимпийском спорте. – 2007. – С.46.
- 22 Кобец А.И., Кофтунов В.Ф. Олимпийское образование в общеобразовательной школе: (Из опыта работы) // Омск. – 1997. – С.176-179.

References

- 1 Memleket bashsıysy Qasym-ZHomart Toqaevtyń Qazaqstan halkyna arnagan «Syndarly qogamdyq dialog – Qazaqstannyn tıraqtylygy men orkendeuiniń negizi» atty ZHoldauy, 02.09.2019zh.
- 2 Qazaqstan Respublikasynyn 2014 zhylfıy 3 shildegegi № 228-V ZRK «Dene shynyqtyru zhəne sport turaly» Zanı.
- 3 Qazaqstan Respublikasynda dene shynyqtyru men sportty damytudyn 2025 zhylfa dejingi tyzhyrymdamasy, Astana, 2016 zh.
- 4 Uchebno-metodicheskij kompleks po discipline Istoriya fizicheskoy kul'tury i olimpijskoe obrazovanie dlya studentov fakul'teta

- Fizicheskoy kul'tury i sporta / Sost. B.T. Dujsebaev. – Karaganda: Izd-vo KarGU, 2008. – 119 s.
- 5 Olimpijskoe obrazovanie v sovremennom mire: istoriya, organizaciya, perspektivy razvitiya. — Tekst: elektronnyj // studme.org: [sajt]. — URL: https://studme.org/320238/pedagogika/olimpiyskiy_sport_vzaimosvyazi_kulturoy#365 (data obrashcheniya: 13.06.2022).
 - 6 Divinskaya E.V. Olimpijskoe obrazovanie budushchih specialistov fizicheskoy kul'tury i sporta na osnove lichnostno orientirovannogo podhoda / Monografiya. – Volgograd: 2012. – 229 s.
 - 7 Guslistova I.I. Olimpijskaya pedagogika P'era de Kubertena kak osnova olimpijskogo obrazovaniya // Mir sporta, – 2014. – № 4. – S. 31–35.
 - 8 Bulatova M.M. Sistema Olimpijskogo obrazovaniya v Ukraine (1991-2006): metodologiya i prakticheskie rezul'taty // Sovremennyy olimpijskiy sport i sport dlya vseh: Materialy X Mezhdunar. nauch. konf. – Gdansk, 2006. – S. 38–41.
 - 9 Georgiadis K, Makris A., Athens 2004: Olympic education in Greece during the Athens 2004 Olympic Games. In: Naul R, Binder D, Rychtecky A, Culpan I, editors. Olympic education: an international review. New York: Taylor & Francis; – 2017. – p. 47-59.
 - 10 Polikarpova ZH.M. Olimpijskoe obrazovanie i vospitanie kak predmet pedagogicheskogo issledovaniya: dis. ... dok. ped. nauk: 13.00.01: Velikiy Novgorod, – 2003. – 414 s.
 - 11 Platonov V.N. Olimpijskiy sport: v 2 t / V. N. Platonov, M. M. Bulatova, S. N. Bubka [i dr.]; pod obshch.red. V. N. Platonova. – K.: Olimp. l-ra, 2009. – T 2. – 696 s.
 - 12 Moskalenko N. Konceptiya olimpijskogo obrazovaniya v obshcheobrazovatel'nyh uchebnyh zavedeniyah / Fizichne vihovannya, sport i kul'tura zdorov'ya u suchasnomu suspil'stvi: zbirnik naukovih prac'. – 2012. – № 2 (18), – S. 114-117.
 - 13 Kasmalieva A. Programma olimpijskogo obrazovaniya uchashchihsya 5-9 klassov obshcheobrazovatel'nyh shkol. – Bishkek, – 2013. – 22 s.
 - 14 SHimanbaev S. Olimpiada ottary, 1980. – 124 b.
 - 15 Bajzhumina ZH.ZH., Zakir'yanov K.K Velikaya step' i Olimpijskie igry Drevnej Grecii. Proiskhozhdenie sporta, Almaty. 2018. – 244 s.
 - 16 Matveev S., Radchenko L., SHCHerbashin YA., Olimpijskoe obrazovanie ot Drevnej Grecii do sovremennosti // Nauka v Olimpijskom sporte. 2007. – S. 46-52.
 - 17 Stolyarov V.I. Olimpijskoe vospitanie: teoriya i praktika. M.: Izd-vo «Nacional'noe obrazovanie», 2014. – 416 s.
 - 18 Barinov, S. YU. Olimpijskoe obrazovanie v processe vospitaniya sportivno-gumanisticheskoy kul'tury lichnosti / S. YU. Barinov // Uchenye zapiski universiteta im. P.F. Lesgafta. – 2010. – № 8(66). – S. 7-13.
 - 19 Stolyarov V.I. Olimpijskoe obrazovanie i spartianskaya sistema vospitaniya // Sport, duhovnye cennosti, kul'tura. Vyp. shestoj: Sb. st. M.: Gumanitarnyy Centr «SpArt» RGAFK, – 1998. – S. 105.
 - 20 Bahtiyarova S.ZH., Andrushchishin I.F., Fedorov A.I., Niyazakynov E.B. Olimpijskoe obrazovanie: vzglyad specialistov // Teoriya i metodika fizicheskoy kul'tury. – 2020. – № 3(61). – S. 6-12. – DOI 10.48114/2306-5540_2020_3_6.
 - 21 Matveev S., Radchenko L., SHCHerbashin YA. Olimpijskoe obrazovanie ot Drevnej Grecii do sovremennosti // Nauka v Olimpijskom sporte. – 2007. – S. 46.
 - 22 Kobec A.I., Koftunov V.F. Olimpijskoe obrazovanie v obshcheobrazovatel'noj shkole: (Iz opyta raboty) // Omsk. – 1997. – S. 176-179.

**Хат-хабарларға арналған автор
(бірінші автор)**

Дошыбеков Айдын Бағдатұлы –
PhD докторы, Қазақ спорт және
туризм академиясы, Алматы қаласы,
Қазақстан
e-mail: Doshybekov@mail.ru
ORCID iD: <https://orcid.org/0000-0002-4284-3722>

**Автор для корреспонденции
(первый автор)**

Дошыбеков Айдын Бағдатович –
доктор PhD, Казахская академия
спорта и туризма,
г. Алматы, Казахстан
e-mail: Doshybekov@mail.ru
ORCID iD: <https://orcid.org/0000-0002-4284-3722>

**The Author for Correspondence
(The First Author)**

Doshybekov Aydin – Ph.D., Kazakh
Academy of Sport and Tourism, Almaty,
Kazakhstan
e-mail: Doshybekov@mail.ru
ORCID iD: <https://orcid.org/0000-0002-4284-3722>